



# Мұнайды ӨЛКЕ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№07 (129), тамыз, 2020 жыл

## «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ КОРОНАВИРУС ПАНДЕМИЯСЫМЕН КҮРЕСКЕ 2,6 МЛРД. ТЕҢГЕ БӨЛДІ

20 шілде күні Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Трұмов «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев кездесті. Кездесу барысында ҚМГ кәсіпорындарындағы эпидемиологиялық ахуалды және коронавирустың әрі қарай таралуын алдын алу бойынша компанияның қолға алған шараларын талқылады. Сонымен қатар ҚМГ басшысы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының өңір тұрғындарына көрсетіп жатқан демеушілік және қайырымдылық көмегі туралы баяндады.

«Біз алғашқы күннен бастап пандемияға қарсы күреске барынша атсалысып келеміз. Компания өз қызметін жүргізетін өңірлердің тұрғындарына қамқорлық көрсетуде. «ҚазМұнайГаз» жалпы сомасы 2,6 млрд



ағымдағы қызметтің, дағдарысқа қарсы стратегияның іске асырылу, пандемиямен күрестің және санитарлық-эпидемиологиялық шаралардың қатаң орындалуы мәселелері талқыланды. Сонымен қатар Алик Айдарбаев коронавирус инфекциясы мен пневмониядан қайтыс болған қызметкерлердің отбасыларына және туған-туыстарына көңіл айтып, науқастанған әріптестеріне тезірек сауығып кетуін тіледі. «Өкінішке қарай, әріптестеріміздің арасында да осы індеттен қайтыс болғандар бар. Бұл жаңға бағатын ауыр жағдай. Бақылық болған қызметкерлер мұнай-газ өнеркәсібін дамыту мен өркендетуге елеулі үлес қосқан азаматтар еді. Олардың ерен еңбектерін біз ешқашан ұмытпаймыз», – деді ол.

Жаңаөзен қаласында ҚМГ басшысы ашылуы үстіміздегі жылдың қыркүйек айында жоспарланып отырған мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған медициналық-оңалту орталығына барды. Жобаға «Өзенмұнайгаз» АҚ тарапынан 50 млн теңге бөлінген. Орталықта жылына 700 балаға дейін оңалтудан өте алады. Сондай-ақ Алик Айдарбаев «Өзенмұнайгаз» АҚ жанындағы провизорлық орталықтың қызметімен танысты. Провизорлық орталық қалалық инфекциялық емханалардың жүктемесін азайту үшін қосымша 65 төсек-орынмен жабдықталды, тәулігіне 500-ге жуық науқасты қабылдай алады. ҚМГ Басқарма төрағасы «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығына провизорлық орталықты қажетті жабдықпен қамтамасыз етуді тапсырды. Ол келешекте «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін емдеуге арналған толыққанды медициналық орталық ретінде жұмыс істейді деп жоспарланады.



теңгеге, соның ішінде Маңғыстау облысына 1,8 млрд теңгеге демеушілік қолдау көрсетті. Бұл қаражат аса қажетті медициналық құрал-жабдық, реанимобильдер, оттегі концентраторларын және өкпені жасанды желдету аппараттарын сатып алуға жұмсалды. Сондай-ақ ҚМГ-ның еншілес компаниялары әкімшілік пен медициналық мекемелерге көлік, жеке қорғаныс құралдарын, сондай-ақ әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға арналған азық-түлік жинақтарын алып берді. Біз коронавирустың індетімен бірлескен күрес барысында дәрігерлер мен жергілікті атқарушы органдарға жан-жақты көмек көрсетуді жалғастырамыз», – деп атап өтті А. Айдарбаев.

Алик Айдарбаев Ақтау қаласындағы медициналық орталықтың қызметімен танысты. Аталған орталық ҚМГ-ның еншілес және сервистік компаниялары жұмысшыларын вахта ауысымына кірісер алдында ПТР-тестілеуден өткізеді. Тестілеуден тәулігіне 200 адамға дейін өтеді. Тестілеу COVID-19 жұқтырғандарды анықтауға және өндіріс орындарында аурудың таралуын алдын алуға септігін тигізеді.

Бұдан бөлек ол Жаңаөзен қаласында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ және сервистік кәсіпорындар басшыларының қатысуымен селекторлық жиналыс өткізді. Жиналыс барысында





COVID-19

# О СНЯТИИ РЕЖИМА КАРАНТИНА НА МЕСТОРОЖДЕНИЯХ ОБЩЕСТВА

АО «Мангистаумунайгаз» (далее – Общество) сообщает, что в соответствии с протокольным решением от 02 июля 2020 года №47 оперативного штаба по предупреждению распространения пандемии COVID-19, а также учитывая улучшение эпидемиологической ситуации заболеваемости коронавирусной инфекции по Мангистауской области, в том числе среди работников Общества и подрядных/субподрядных организации с 6 августа 2020 года снимается режим карантина на месторождениях Каламкас, Жетібай и Асар с усилением контроля над проведением ранее утвержденных мероприятий по недопущению распространения коронавирусной инфекции.

В этой связи, всем руководителям СП/ЛСП и подрядных/субподрядных организации продолжить обеспечение следующих требований:

1. Согласно поручения главы государства Касым-Жомарт Токаева от 29 июля 2020 г. о продлении карантинных мер в Казахстане на 2 недели, до 18 августа 2020 года запретить въезд на месторождения Каламкас, Жетібай и Асар работников, проживающих в других областях Республики, в частности в регионах, где зарегистрировано наибольшее количество случаев заражения;

2. Ограничить количество работников, находящихся в «зоне риска». При этом, предпочтительно отдавать работникам предпенсионного возраста, работникам-инвалидам, работникам с осложнениями хронических заболеваний, беременным женщинам, многодетным матерям, женщинам воспитывающим детей в возрасте до трёх лет, одиноким матерям, воспитывающим детей в возрасте до четырнадцати лет (ребёнка – инвалида до

восемнадцати лет), иным лицам, воспитывающим указанную категорию детей без матери.) путем предоставления оплачиваемого ежегодного трудового отпуска, переводом на дистанционную работу и оформлением вынужденного простоя с оплатой в размере 70% от месячной заработной платы;

3. Заблаговременно предоставлять список работников, выезжающих на вахту с указанием фактического места проживания и результатов ПЦР обследования на COVID-19 со сроком сдачи не позднее 5 дней до заезда на месторождения Общества;

4. Соблюдать правила рассадок работников в автобусах во время переезда, при транспортировке внутри месторождений Общества и нахождения работников в масках во время поездки;

5. Рекомендуется соблюдение об обязательном исполнении работниками режима домашней самоизоляции на 14 дней после вахты (не посещать проведение любых мероприятий, связанных с приглашением и скоплением людей (дни рождения, юбилеи, тои, поминки и т.д.);

6. Обеспечить контроль температуры тела работников при въезде в вахтовый поселок через стационарный тепловизор и ежедневную термометрию на вахте (предварительно и послесменно) с подачей информации о количестве прошедших и выявленных лиц с повышенной температурой тела;

7. Обеспечить в достаточном количестве работников средствами индивидуальной защиты и дезинфекции (медицинские маски, кожные антисептики для рук, дезинфицирующие средства для проведения санитарно-дезинфекционного режима);

8. Усилить контроль за исполнением работниками правил по профилактике COVID-19, а именно ношение масок, частое мытье рук с последующей обработкой кожным антисептиком, влажная уборка помещений с обработкой поверхностей с применением дезинфекционных средств не менее 2 раз в день, регулярное (каждые 2 часа) проветривание рабочих помещений, а также дезинфекция салона автотранспортных средств до и после высадки пассажиров;

9. Соблюдение работниками и персоналом социального дистанцирования (расстояние не менее 1,5 метра друг от друга) и ношения масок в местах скопления людей, особенно в столовых на месторождениях Общества;

10. Обеспечить соблюдение работниками на вахте, правил и требований, установленных госорганами, проявления спокойствия и дисциплинированности, а также усилить проведение постоянной информационно-разъяснительной работы по профилактике распространения COVID-19;

11. Службе Безопасности Общества взять на контроль при въезде и выезде через КПП месторождения Общества соблюдения работниками подрядных/субподрядных организаций всех мероприятий по предупреждению распространения пандемии COVID-19.

При неисполнении работниками вышеуказанных требований, руководители предприятий будут нести персональную ответственность за создание угрозы распространения коронавирусной инфекции на территории Общества.

Правление АО «Мангистаумунайгаз»

## Қайырымдылық

# ҚАНАТЫМЕН СУ СЕПКЕН ҚАРЛЫҒАШТАЙ...

Өлемді жайлаған пандемияны ауыздықтау, дертін таралуын шектеу, жалпыға бірдей сақтық шаралары, карантинді қағаз қадағалау - бүгінгі күннің нақты айнасы осындай. Ел шетіне кірген дерттен зардап шегушілер саны әлі де аз емес. Ағайын-туғанын, ата-анасын, бауырын жоғалтқан адамдардың қайғысын бастан кешкен ғана біледі!

Осындай қиын-қыстау кезеңде «Мангистаумунайгаз» акционерлік қоғамы облыстың денсаулық сақтау саласына зор көмек көрсетіп жатқаны туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан құлақтанған өлке жұртшылығының компанияға алғысы шексіз! Мұндай қолдаудың Маңғыстауда сонғы науқас жазылып шыққанша толастамайтын біздің мұнайшылардың қайырымдылық шараларынан да айқын көрініп отырмыз.

Қашанда ізгілікті істердің ұйытқысы болып келе жатқан «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры жуырда мұнайшылардан түскен жарнаға 3 оттегі концент-

раторын сатып алып, Қаракия аудандық ауруханасына және Шетпе селосындағы орталық ауруханаға тапсырып қайтты.

Жұмыла көтерген – жүк жеңіл. Шілде айында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы қызметкерлерінің қол көмегі ауруханада ауа жетпей қиналып жатқан науқастардың жанына жалау болғанына тыныштық күндегі мың жақсылықтың бәсеке тұра алмайтыны анық дер едік. Жұмыстан амалсыз бастұрысқа кеткен мұнайшылар ауруханадағы қиын жағдайды естіп, оттегі баллондарын тауып, жеткізді. Оны палаталарда жалпап беріп дәрігерлерге көмектесті. Өздері бастама көтеріп, өз қаражаттарын қосып дәрі-дәрмекпен де қамтамасыз етті. Ватсап желісі арқылы арнаулы чат ашып, күнделікті қай жер көмекке зәру, сол жерге қанатынан су сепкен қарлығаштай көмек қолын созуда.

Жуырда «Мангистаумунайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тарғын Мысамбаев жетібайлық мұнайшылар атынан Жетібай ауруханасына 5 оттегі концентраты қондырғысын табыс етті.

Тамыз айының басында МГӨЦ - 1, 2, 3, ҚҚҰЦ, МДАЦ, ОИТҚ, ЦПО НПО, геология, орталық кеңсе, экологтар, газшылар 1031000 мың қаражат жинап, қанның үю көрсеткішін қадағалайтын коагулометр қондырғысына тапсырыс берді. Қондырғы жақын күндерде ауруханаға жеткізілімек.




Сондай-ақ ауылды дезинфекциялау, кәзетті көліктермен қамтамасыз ету жетібаймұнайгаздықтардың тікелей қолдауымен жүзеге асуда.

Қазақ халқы «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді. Кей кезде қайырымды азаматтар өздерінің жақсы амалдарын жасырып қалғысы келетіні бар. Бірақ, қоғам ізгіліктің шарапатын білуі керек. Сондықтан бүгінгі материалда Маңғыстау мұнайшының қара шаңырағы – «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындай ұйыған ұжымның жақсы ісін ұлықтауды жөн көрдік.

Ел басына күн туғанда ізгілікті ісі мен ұстанымы арқылы өзгерге үлгі болып отырған ұжым – қашан да Компания мерейі. Мерейді тасытар, абыройды асқактатар біздің әріптестеріміздің ізгілікті ісі елдіктің, азаматтықтың үлгісі демеуге шарақ жоқ! Күннің жаманы да өтер, бірақ ауыздықпен су ішкендей қиын

сәтте үлкен жүректен ажалға араша түсіп ауылдымы, еліміз адамдарын қалай аман алып қалам деген тілектестік, кісіліктің ұмытылмасы хақ!





# ҒАЛЫМЖАН ӨТКЕН БЕЛЕСТЕР

Қонысым болған байырғы,  
Шайырдан шыққан шайырмын.  
Шіренген талай сабазды  
Лам-мигге келтірмей,  
Бір ауыз сөзбен қайырдым! –

деп суырып салма, дүлдүл ақын Қашаған Күржіманұлы жырлаған Шайыр ауылы қалың елге бұлақтан су ішкізген жерінің асты сулы, жерінің үсті нулы мал-жанға бір жайлы жер. Осы жерде дүниеге келген кейіпкеріміз - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, Пайдалану жабдықтарын прокаттау-жөндеу цехының 5-дәрежелі слесарі Ғалымжан Алымұлы Жарылғасов та туған топырағына тартып туғандай сабырлы, жайдары болып көрінді.

Ауылдың қуыс-қуысын шарлап ойнайтын балалық бал шақтан бергі өткен әр белесі - бір ғұмыр, бір тәжірибе. Солардың ең алғашқысы мектеп табалдырығын аттағаны - қайталанбас қымбат естелік. Шайырдағы он жылдық орта мектепте 8 сыныпты бітірді. Кейін үйдегі он баланың үлкені болғасын еңбекке араласып, ерте есейді.

1984 жылы жасөспірім Ғалымжан Шетпедегі кәсіптік-техникалық училищеге оқуға түсіп, үш жылдан соң автослесарь маман болып шыға келді. Сол жылы әскер қатарына алынып, Дондағы Ростовта әскери тәртіпте шыңдалды. Ол жақта тас қалаушының жұмысын атқарып, талай әскери нысандардың құрылысын жүргізуге араласа жүріп, ер азаматтықтың мектебінен өткенін әлі күнге ықпалмен еске алады.

Әскери міндетін өтеп туған ауылы қарашырағына орала сала еңбек майданына араласып кетті. Өп дегеннен-ақ, жолы болып Бозашы түбегінің түлеуіне ерен еңбегін сіңірген, мұнай саласының майталманы Өрен Сағындықов жұмысқа қабылдап, сол кісінің қоластында тәжірибе жинау мүмкіндігіне ие болды. Цех бастығы – Қазиев Серік, бригада шебері – атақты мұнайшы Өбеннің тәлімін алды. Бұл 1992 жыл болатын. Оныңақты жылдай мұнай өндіру цехында еңбек етіп, білікті маманға айналды.

2001 жылы өзі қазір еңбек етіп жүрген пайдалану жабдықтарын прокаттау-жөндеу цехына ауысты. Жалпы бір цехта 40 шақты адам жұмыс жасайды, оның ішінде бригадаларға бөлінеді. Таңертен сағат 7:00-де бір күндік жоспарды талқылаудан жұмыс күні басталады.



Тапсырмалар бөлініп беріліп, сол жұмыстарды орындауға кіріседі. Негізгі атқаратын қызметтері – пайдаланыстағы өндірістік жабдықтарды жөндеуден өткізу, мұнайды жылтыратын пештерді жөндеп-қалпына келтіру, әртүрлі дәрежелі дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу, мұнай жүретін құбырларды жөндеу және тағы да басқа өндірістің пульсін қалыпта ұстап тұратын өте маңызды жұмыстар десек болады.

Отыз жылға тарта өндірістің қара қазанын қайнатып келе жатқан Ғалымжан өскен қара шаңырақты Маңғыстау елі өнердің ордасы деп таниды. Түбекте Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Алмажай Жарылғасовты танымайтын адам жоқ десе де болады. Шайырдың мәдениетін мәдениет еткен, өнерін өнер еткен Алмажай ағай өмірінің 45 жылын осы мәдениет саласына арнаған адам. Мәдениет

үйінің әрі директоры, әрі театр режиссері, әрі актері Абекеңнің өмірі Маңғыстаудың тұтас шежіресі.

- Өкем біздің бойымызға адалдық, тазалық, қоғамның болашағына еңбек етуге құштарлық сияқты мінез-құлықты дарытуға, үлкендер мен дәстүрді сыйлауды өзіне мұрат тұтты және ол арманы іске асты деп ойлаймын. Себебі он баланың барлығы да тәрбиелі, еңбеккер, басбұзарлығы жоқ, білімге, жаңалыққа құмар болып жетілдік. Тағы бір айта кететін жайт, өкем Мәдениет үйінің директоры болғандықтан, әрі ол кездері арнайы қонақүйлер жоқ еді, гастрольдік сапармен елге жиі келетін өнерпаздар, яғни әншілер, күйшілер, бишілер үйімізге түсетін. Соның ішінде Өлбек Дінішев, Қыз Жібек пен Төлеген - Меруерт Өтекешева мен Құман Тастанбекөвтер, Мақпал Жүнісовалар тағы да басқа аңыз адамдарды көзбен көріп, олардың мінез-құлқынан, білігінен, жүріс-тұрысы мен сөйлеген сөздерінен өнеге алдық. Ол бір ұмытылмас сәттер, біздер үшін үлкен мақтаныш болатын. Ал – анам Ақбибі үй шаруасында, осылай келген қонақтардың, ата-ененің, балаларының бабын тауып, отбасына адал қызмет етті, - деп Ғалымжан Алымұлы ағамыз отбасы туралы ауялы естелігімен бөлісті.

Өмірлік жан-жолдасы – Есенова Нұрияш та мәдениет саласында еңбек етіп келеді. Соңғы жылдары ауылдағы Мәдениет үйінің директоры. Балаларының алды өсіп-жетілді, қанаттанды, әр жерде қызметте, кішілері – мектепке барады. Қолы шебер ағамыз бос уақытында - қолөнердің барлық саласымен айналысады. Еңбек еткенге бақыт басын иетінінің дәлеліндей – ағашты, темір де ыңғайына тез көніп, тұрмысқа, күнделікті өмірге қажетті заттар, бұйымдар жасауды жанына серік етіп жүр. Сондай-ақ, кітап, газет-журнал оқуға құмар әріптесіміз, өзіміздің «Мұнайлы Өлке» газетінің тұрақты оқырманы екендігін де жасырмады.

Ғалымжан Жарылғасовтың қосып күнге дейін атқарған ақ адал еңбегі елеулі, Компания тарапынан көптеген Құрмет грамоталары мен алғыс хаттары – соның дәлелі.

Жасампаз еңбектің жарқын үлгісін көрсетіп, Компанияның беделі үшін қажырлы еңбек етіп келе жатқан әріптесіміздің алар асуы биік болғай.

## ӨНДІРІСТІҢ РОЗАСЫ

Маңғыстау мұнайының кең дүниеге танылуына ерен еңбек сіңірген мұнайшы апаларымыздың заңды жалғасы мұнайшы қыз-келіншектер алғы шепте. Олардың мұнай өндірудегі жанкештілігі, жұмысқа деген құлшыныстарын ер азаматтардың өздері де әлдеқашан мойындаған. Сондай көпке қадірлі жан – «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №2мұнай және газ өндіру цехының 3-дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы Роза Төлегенқызы Досмұхамбетова.

Роза апай сонау 1981 жылы өндіріске келген болатын. Ешкімге бағынбайтын уақыттың күдіреті сол, бәрі күні кеше басталған сияқты еді. Осы бір жұмыс орнында табан аудармай 40 жылдай қызмет етіп жүргеніне кейде өзі де сенбей қалатыны бар.

Ол Фортта туып, Жетібайда жетілді. Қалағанынды орындатып, еркелеп жүретін уақыт емес. Ел қатарлы жалпы орта мектепті бітірген бетте қаладағы кәсіптік училищеге құжат тапсырып, бағын сынап көрді. Алайда оқуға тапсырғандар саны толық болып, оқуға түсе алмады. Бірақ әрбір істің артын бағатын, неден болса да тек жақсылық көретін Роза апай өндіріске жұмысқа сұранды. Маңдайына жазылған мол несібіне орай, сол кездегі басшылық жұмысқа алып, жас маман ретінде өзін сынап көруге мүмкіндік берді. Өндірісте өткізген жүйрік уақыт, жырғалып жүруге мұрша бермейтін өндірістің ыңғайы кез келген мәселені тарс-түрс шешіп тастайтын бірізділікке, сөзден гөрі іске мығым мінезге алып келгендей. Мұны сұхбат барысында Роза Төлегенқызының не жайлы сұрасақ та қысқа-нұсқа, тез жауап бергенінен байқадық.

- «Мен өндіріске келген жылдар өте қиын кезеңдер еді. Жастығым, әрі оқымағандығым тағы бар, жұмысқа сескеніп кірістім десем өтірік емес. Алайда, алғаш



жұмысқа келгенде Сәмен апай, Баян ағайлар бағыт-бағдар беріп, сол ортаға сіңісіп кетуіме көп күш салды. Олардың алдында өмірлік парызым бар, айтар алғысымнан жаңылған емеспін. Біз көрген қиындықтарды менің тұстастарым ғана біледі. Ол

кездері бүгінгідей жағдай жасалмаған, арнайы киімдер жетіспейтін, барлық жұмыс қолмен жасалатын. Кім-кімге оңай тимеген сол заманда мұнай саласы да көптеген қиыншылықтарға ұшырады. Мұнайшылардың бірнеше айлар бойына жалақыларын ала алмай жүрген кездері де болды, бірақ қандай қиыншылықтар болса да мұнай өндірісінен қол үзбедік. Қазір жаңа технология заманы - үйренемін, жасаймын деген адамға барлық мүмкіндіктер бар ғой. Жұмыстың аты жұмыс, мұнайшылардың барлығына қойылатын талап бірдей, сондықтан мұнай-газ өндіру операторы қызметін ер адамдармен бір деңгейде атқаруға тырысамын», - дейді Роза апай.

Роза апай өскен ұя еңбеккер еді. Өкесі Төлеген Досмұхамбетов - өмір бақи слесарь, токарь, анасы Талшын Өтесбаева - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жүйесінде сылақшы болып еңбек етті. Осындай жанұяда өскен Роза да жұмысқа мығым болып өсті.

Жылдар бойы Жетібай кен орнында Маңғыстаудың табиғатының ызғырық желі бар қысы мен шілдедегі тас төбедің қайнатар ыстығына қарамай мұнай өндіріп, отбасының жоғын жоқтап, бала тәрбиелеп өсіріп, ұлағатты ана атанып отырған Роза Төлегенқызының еңбектегі ерлігін айтсақ айып болмас. Төпсе темір үзетін жас жігіттердің ырыс-несібені аспаннан түсетіндей көріп диван жастанып жататынын, екі қолға бір күректей қайдан да табылатынын айтқаннан жау іздейтінін ойлағанда Роза апайлардың табанды тірлігі, қажырлы еңбегі үлгі емес деп кім айта алады? Алдағы уақытта да апамызға еңбегіңіз жана берсін, мерейіңіз таси берсін деген жүрекжарды тілек арнаймыз.

Ақсаева Арайлым





# ДӘРІГЕР, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!

Елімізде карантин бастаналғалы інідеткен күресте алдымыз шенте ақалаттылар жүр. Бүкіл дүниесүйендідей, Қаламқас және Асар кенорындарындағы дәрігерлерді де абайсызда келген інідеткен бетіне-бет қалды десе болады. Мұнайшылары денсаулық сақтау шараларын қатаң қадағалауға шақырып, күшікті інідеткен пайдалықандарға үміт сыйлап, барлық қажетті ем-домдары қолданып, пандемияны жеңу миссиясын адал атқарып жүрген абай жанлар қандай құрметке де лайық. Өз өмірлерін түзеуге тіге жүрін міндеттері адал атқарған, тәулік бойы кезекшілікте жүрген «MEDERR» Хирургия институты ЖШС қарамағында қызмет атқаратын - 36 дәрігерді бүгінгі күннің қаһармандары десе болады. Олар сыртқықша ыңалдыққан жандармен тікелей байланыста болып, қауір-қауір мол алаңда жүр. Тамыз айының алғашқы аптасының қорытынды мәліметі бойынша, «ММГ» АҚ мен сервистік компанияларда 704 адамнан дерт анықталып, оның 506-ы жазылып шыққан. 178 адам үй карантинінде, 5 адам

ауруханада жатыр. Өкінішке орай, 14 адам дүниеден өтті. Біздің дәрігерлеріміз көпте қорыбайтын қауіпті жайдағанын қажет ортасында күні сайын адамдарды қабылдап, барлық қолдан келген шараларды жасау үстінде.

Мына дүниенің аман қалатынына, адам ақыл-ойының бұл дертке де дауа табатынына бек сенеміз. Тап сол ақжарма құанышты күні дәрігерлердің де маңдайы жарқырап, жақсылық хабармен алдымызды шығатыны хақ. Ал дәл қазір біздің сенеріміз де, сүйенеріміз де Сенеріңдері! Қолымызда келсе әлемнің мадақ-маранатын арнап, кітап жазып, кино да түсіруге болар еді, ондай аттылы күні де туар! Біз білетін қазіргі ақиқат - нағыз батырлар біздің де жаньымызда жүрген дәрігерлер, медикесер мен басқа да медицина саласының мамандары - Сіңдеріңдер. Аты жаман дертпен жау жағалас болып жатқан осы қиын кезеңде біз Өздеріңізге зор денсаулық, мол күш-қуат, бас аманьығын тілейміз, сүйікті біздің дәрігер!




**Фаруза Исағалқызы Байниязова**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Бас дәрігер



**Бауыржан Ерімбетұлы Жанбыров,**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Хирургия департаменті меңгерушісі



**Үмітхан Кемелқызы Тұманбаева**  
Жетібай кенорындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Бас дәрігер



**Абай Сағиұлы Сағин**  
Қаламқас кенорындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Дәрігер-терапевт



**Гайна Өтегенқызы Отарғұлова**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Дәрігер-терапевт



**Анар Жетісгенқызы Ақболатова**  
Қаламқас кенорындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Дәрігер-терапевт



**Бауыржан Алдәбердіұлы Кобесентов**  
Жетібай кенорындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Жалпы хирург-дәрігер



**Галина Тарикқызы Мұхитова**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Дәрігер-терапевт



**Алма Сүйіғалқызы Қоныспаева,**  
Қаламқас кенорындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Мейірбике



**Гүлбаршын Асқарқызы Қабылова,**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Дәрігер-терапевт



**Төлеген Базарбайұлы Чотбаев**  
Қаламқас кенорындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Анестезиолог-реаниматолог дәрігер



**Гүлстай Бесімбайқызы Сақтағанова,**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Рентген-зертханашы



**Гүлзина Нұрбердіқызы Тенелбаева,**  
Жетібай кенорындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Мейірбике



**Әсем Егізбайқызы Тоқсамбаева**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Аға мейірбике



**Бауыржан Амангелдіұлы Байболатов,**  
Жетібай кенорындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Дәрігер-терапевт



**Ақмарал Мұратбекқызы Жалғасбаева**  
Қаламқас кенорындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Фельдшер




# ДӘРІГЕР, САҒАН



**Зумрад Ильдырымовна Таипова,**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Мейірбике



**Мұратжан Амидуллаұлы Надіров,**  
Жетыбай кенорнындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Фельдшер



**Анара Баулыбайқызы Сәмешова**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Медициналық реабилитолог-дәрігер



**Азамат Серғалиұлы Ақжанов**  
Қаламқас кенорнындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Фельдшер



**Күния Қуанышқызы Есқалиева,**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Мейірбике



**Гүлайым Әмірханқызы Жұмаханова,**  
Қаламқас кенорнындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Аға мейірбике




**Баян Дүрмекқызы Наурызбаева**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Мейірбике



**Майра Қарабатырқызы Бөлекова**  
Қаламқас кенорнындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Мейірбике



**Алтынай Жүндешқызы Шораханова**  
Жетыбай кенорнындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Фельдшер



**Нүрсәуле Түменова,**  
Қаламқас кенорнындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Фельдшер



**Гүлмира Токтарбекқызы Байжұманова**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Мейірбике



**Жайлы Ермағанбетқызы Құлшарипова**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Ақушер



# МЫҢ АЛҒЫС!



**Бауыржан Асқарұлы Нұрабаев**  
Жетыбай кенорнындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Фельдшер




**Гүлмайра Базарбайқызы Берсүгірова,**  
Жетыбай кенорнындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Мейірбике




**Жансұлу Берманқызы Ишанова**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Мейірбике



**Дина Онгелдіқызы Есіркенова**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Мейірбике



**Ләззат Төлегенқызы Әділханова**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Санитар



**Луиза Ертайқызы Шекерова,**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Дәрігер-терапевт



**Индира Қыдырбекқызы Дәрмен**  
Жетыбай кенорнындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Мейірбике



**Әсел Нұрбергенқызы Жолғазбаева**  
Қаламқас кенорнындағы  
дәрігерлік амбулатория,  
Санитар



**Сандуғаш Асқарқызы Саурабай**  
«ХИРУРГИЯ ИНСТИТУТЫ» ЖШС  
Ақтау қаласындағы Филиалы,  
Аға мейірбике





# К ЧС НАДО БЫТЬ ГОТОВЫМ ВСЕГДА!

Служба гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций департамента техники безопасности, охраны труда и охраны окружающей среды (ДТБОТиООС) АО «Мангистаумунайгаз» подвела итоги работы за первое полугодие 2020 года.

В частности для поддержания в готовности сил Гражданской обороны отрабатываются теоретические знания и практические навыки среди работников Общества на специальных и объектовых тренировках, тактико-специальных учениях (ТСУ):

- ежемесячно проводится тренировочная подготовка рабочих и служащих к действиям в аварийных условиях;

- проводится обучение работников правилам поведения и действиям при возникновении чрезвычайных ситуаций;

- осуществляется разработка, с учётом специфики производства, плана действий по предупреждению и

ликвидации возможных аварий и катастроф:

- в постоянной готовности поддерживаются и совершенствуются локальные системы оповещения.

Согласно плану работы работниками ГОиЧС в первом полугодии 2020 года проведены 34 проверки, в том числе имущества гражданской обороны и водозащитной дамбы месторождения Каламкас. Результаты проверок дамбы ежемесячно предоставляются в ДЧС Мангистауской области. Проведены 12 учебно-тренировочных занятий (УТЗ), результаты которых (акты, планы-конспекты и фотографии) представлены местным органам управления.



Кроме того, были проведены тактико-специальные учения в рамках РКШУ «Коктем-2020» на дамбе месторождения Каламкас (по сценарию на одном из участков водозащитной дамбы происходит прорыв). В учениях помимо специалистов ПУ «Каламкасмунайгаз», принимали участие и работники подрядных организаций: ТОО «ОКК», ТОО «ОТК», ТОО «МЭМ», ТОО «Мунайтелеком», ТОО «Caspian Food», ТОО «Ак-Берен» и ТОО «Ansar-Group». Каждая из подрядных организаций отвечала за свой участок работы: восстановление дамбы, представление транспорта и техники, восстановление линий электропередач, поддержка связи, организация питания и т.д.

Также два тактико-специальных учения были проведены и на месторождении Жетыбай: «Открытое горение скважины высотой 10 метров» и

«Замыкание электроподстанции ТОО «МЭМ»».

В заключении хочется отметить, что чрезвычайные ситуации непредсказуемы, поэтому подразделения и персонал всегда должны быть готовы к ЧС. Для того чтобы наши работники были готовы к любого рода ЧС службой ГОиЧС ДТБОТиООС проводятся обучение и тренировки, на Сайте групп SmartDok в разделе ГОиЧС размещены лекции по гражданской защите, плакаты и другие документы по гражданской обороне, чтобы наши сотрудники могли подковать теоретические знания.

Дорогие коллеги призываем Вас со всей серьезностью относиться к вопросам гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций. Берегите себя и своих близких!

А.Р. Дербісін,  
Руководитель группы  
ГОиЧС ДТБОТиООС



## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАНАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# ЕРЛІК ЕҢБЕК МАЙДАНЫНА ЖӘРДЕМ

(немесе Ерен еңбегі ерлікке тең дәрігерлерге қамқорлық)

Биыл аты адам жанын түршіктіретін індет әлем жұртшылығына ауыртпалық әкелді. Бұл жұқпаның алдын алу мақсатында тиісті шаралар қабылданғанмен, ел дертке шаддығып, көмекке зәру болды. Халық өте қиын жағдайда жұмыс істеп, өз міндеттерін атқарып жүрген медицина қызметкерлерінің қайсарлығына тәңгі болуда. Олар адам өмірі мен денсаулығына араша түсіп, өз өмірін қатерге тігіп, ерлікпен бірдей еңбек етіп келеді. Майданның алдыңғы шебіндегі негізгі ауыртпалық дерт мендеп, адам өміріне қатер төнгенде арашаға түсетін медицина қызметкерлерінің мойнында. Дәрігерлер – бүгінгі күннің батырлары. Олар пандемия басталғаннан бері жақындары мен туыстарын көрмей, қауіпті, бұрын-соңды болмаған вирусты жұқтырған адамдардың өмірі үшін арпалысып жатыр.


Қайырымдылық — халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Гипократ антына берік, өз қалауы мен жайлылығын екінің орнына ысырып, күн сайын ерлік жасап жүрген дәрігерлерге жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу - баршамыздың азаматтық парызымыз.



«Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Ақылбай Сапаров пен оның орынбасары, облыстық мәслихаттың депутаты Ахмет Салмановтың бастамасымен қолға алынған игі іске бір топ қызметкер қолдан келгенінше үлес қосып, Ақтау қаласындағы «Арман» және «Коктем» қонақ үйлерінде орналасқан екі жүзге жуық дәрігер үшін керекті құнарлы тамақ өнімдерін жеткізді. Қарлығын қанатымен су сепкендей болса да, өздерінің ізгі ниетін, медициналық қызметкерлерге деген ризашылығын білдірді.

Өңіріміздің барлық медицина қызметкерлеріне зор денсаулық тілей отырып, алар асуларыңыз асқақ, бағындырар белестеріңіз биік болуын тілейміз. Халықтың жүрегіне жылу ұялатып, дертіне шипа, көңіліне медеу бола алғандарыңыз үшін алғысымыз шексіз! Аман жүріңіз! Қазіргі жағдай тезірек аяқталып, қалыпты өмірге қайта оралу – баршамыздың тілегіміз.

А.Есбосын  
«Oil Construction Company» ЖШС



**Мұнайлы Өлке**  
Меншік иесі:  
«Мангистаумунайгаз» АҚ  
Редактор: Есназар Сұлтанов  
Редакция алқасы: Ғ.Әбдісадық,  
А.Ақшаева  
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., № 1 үй,  
тел:  
212-035, 215-266  
212-194, 211-885

Газет айына 1 рет шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
Индексі: 64265

«АТІS» ЖШС баспаханасында басылды.  
Ақтау қаласы, 17 ш/а.  
тел: 525500